

**«Молдір бұлақ» бобекжай-бақшасы**

**Эстафеталық спорттық ойындар  
Тақырыбы: «Қыс қызығы»**

**Дене тәрбиесі жетекшісі: Л.Уксикбаева**

## Қыс қызығы

Мақсаты: Балалардың спорт туралы білімдерін кеңейту, қызығушылығын арттыру, достыққа баулу. Ата – аналардың балабақшамен тығыз байланысын дұрыс жолға қою және ойындарға ата – аналар белсене қатысып нәтижелі болғандығына көз жеткізу.

Дене тәрбие жетекшісі: Сәлеметеіздер ме, құрметті ата – аналар, балабақша ұжымы және бүлдіршіндер. «Қыс қызығы» атты жанұялық спорттық сайысқа қош келдіңіздер!

Алға Қазақстан!

Денсаулық бар байлығын бойындағы

Жайнаған өміріңнің жолын бағы

Қастерлеп мәпелеп аяласақ,

Бойыңнан кетпес қуат жасындағы – дей келе бүгінгі осы эстафетаға арнап ата – аналармен балабақша арасында өткелі тұрған «Қыс қызығы» атты жанұялық эстафеталық сайысымызға қош келдіңіздер! Олай болса сайысқа қатысушы топтарды ортамызға шақырайық.

1. Әлиевтер отбасы

2. Қазыхановтар отбасы

3. Керімхановтар отбасы

Қошеметпен қарсы алыңыздар!

Ойынды бастамас бұрын әрбір жанұяға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар.

1. Балабақша меңгерушісі: Байдаулетова Майра Ануарбековна

2. Балабақша әдіскері: Есиркепова Алия Калиевна

3. Балабақша мейірбиткесі: Сарбалаева Мейрамкуль Жайнарбековна

Әнұран орындалады. Ту көтеріледі.

Командалар сәлемдеседі.

Сайыс 4 кезеңнен тұрады.

1. Аққала құрастыру.

2. Қай топтың шанасы алда

3. Қар жинау ойыны.

4. Құрсаумен мәреге жету.

1. Аққала құрастыру.

Шарты: 1) Әкесі кедергілер арасынан өтіп аққаланың бір көзін салады.

2) Анасы кедергілер арасынан өтіп екінші көзін салады

3) Баласы мұрнын салады

Барлығы осылайша кезек – кезек аққаланың бет әлпетін келтіреді.

2. Қай топтың шанасы алда.

Шарты: Ата – аналар өз балаларын шанаға мінгізіп кедергілерден өтіп,

межеден айналып орнына келу.

3. Қар жинау ойыны.

Шарты: Жерде жатқан қарды отбасы болып кедергілер арасынан жүріп шелекке толтыру.

4. Құрсаумен мәреге жету.

Шарты: Құрсаумен әкесі кедергілер арасынан өтіп барлық жанұясын бір – бірлеп жинау.

Бүгінгі сайысқа қатысушы ата – аналар сіздерге көптен көп рахмет. Сіздер мықты отбасы екендеріңізді дәлелдедіңіздер. Әділ баға беретін әділ қазы алқаларына сөз кезегін береміз.

Бүгін міне оң болып әр ісіміз.

Жоғары боп күш – жігер, намысымыз

Осылайша қуанышпен думандатып

Аяқталды халайық жарысымыз.

